

2017 жылға арналған Әуликөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 165 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 маусымда № 7114 болып тіркелді. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 278 қаулысымен. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 29.11.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған Әуликөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 29.11.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Әкімдіктің

2017 жылғы 7 маусым

№165 қаулысына қосымшасы

2017 жылға арналған Әуликөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 29.11.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

[illegible]

2	Құсмұрын кенті	ауданының әкімдігінің "Құсмұрын балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	120	-	-	26963	-	-	-	5500	-	-
3	Әулие көл ауылы	"Әулие көл ауданының әкімдігінің "Ақбота" бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	170	-	-	27200	-	-	-	5500	-	-
4	Құсмұрын кенті	"Әулие көл ауданының әкімдігінің "Балапан" Құсмұрын бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық	50	-	-	37765	-	-	-	5500	-	-

[illegible]

7	Құсмұрын кенті	рын "Қарлығаш" бала бақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	-	-	30517	-	-	-	5500	-	-
8	Әулие көл ауылы	" Әулие көл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Әулие көл бастауыш мектебі " мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күнді шағын орталық	-	50	-	-	11865	-	-	-	-	-